



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Көркем әдебиетті түсіну мәселелері





Дәрістің мақсаты: қазіргі буынға түсініксіз классикалық әдебиетті оқыту проблемасы туралы идея алады.

Дәрістің басты терминдері: аялық білім, социомәдени түсініктеме, энциклопедиялық түсініктеме, историзмдер, архаизмдер.

- Аялық білім – тіл тұтынушының белгілі мәселе бойынша түсінуге қажетті іргелі білімі;
- Социомәдени түсініктеме – жазба мәтінге, классикалық туындыларға мәнмәтінде түсіну үшін берілетін уақыт, кеңістік, тұлға үштігінде берілетін нақты деректемелер арқылы түсіндірмелер;
- Энциклопедиялық түсініктеме – не лингвоелтанымдық, не контекске байланысты айқындалатын коннотация болмайтын нақты деректер арқылы түсіндірілетін түсініктеме.
- Историзмдер – оқырманға түсініксіз, белгілі бір тарихи кезеңге, қоғамдағы формацияға тән ұғым-түсініктердің халық өмірінен біржола ығысуына байланысты, қолданыстан шығып қалған зат не құбылыс атаулары.
- Архаизмдер – қолданыстан шығып қалған көне ұғым атаулары мен тұрақты сөз тіркестер.

1. Әлеуметтік-мәдени түсініктеме арқылы мәдени шиеленістерді шешу

Халықтың әлеуметтік өміріндегі өзгерістер, сөздердің мәдени коннотацияларының жойылуы жүріп жатыр. Сондықтан түсіндірмесіз қазіргі заманғы оқырманға түсініксіз контекстер көп. Классикалық көркем әдебиетті оқу және оны арнайы түсініктемесіз түсіну қиын. Негізі түсініктемені қазіргі кезеңде жазылған әдеби шығармалардың өзі талап етеді. Классикалық дәрежесінің артуына байланысты көркем шығарманың тілі де көнелене түседі. Бұл сол қоғамдағы әлеуметтік және мәдени өзгерістермен тікелей байланысты. Демек, қоғамның дамуына сәйкес орын алатын мәдениеттегі қарама-қайшылық, оның мәдени қақтығыстары тек төл және өзге мәдениет өкілдері арасында ғана емес екен. Халық өміріндегі әлеуметтік өзгерістердің тереңдеуі соншалық, өз ата-бабаларының мәдениеті мен дүниетанымын мүлде білмейтін белгілі бір мәдениетті ұстанушы халық өмірінде қарама-қайшылық пайда болады.

Социомәдени түсініктемеге историзмдер, архаизмдер, реалиялар, сілтемелер, аллюзиялар жатады. Таза энциклопедиялық түсініктемелер болады. Оларда не лингвоелтанымдық, не контекске байланысты айқындалатын коннотация болмайды. Зерттеу, шығармашылық түсініктемеге лингвоелтанымдық (тілден тыс фактілердің ұлттық ерекшеліктерін айқындайды), контекстен шыққан коннотацияны түсіндіретін комментарийлер жатады.

2. Әлеуметтік-мәдени түсініктеменің түрлері

Классикалық туындының түсініктеме берушісі жоғары білімді, өзі сипаттап отырған дәуірдің мәдениеті, тұрмысы, салт-санасы, ырым-жоралғылары жайында мейлінше мол мағлұматты білетін, автордың өмірбаянын бүге-шігесіне дейін оқыған, ол туралы сыни әдебиетті, оның хаттары мен күнделіктерін, шимай-шатпағына дейін зерттеген т.с.с. адам болуы тиіс. Сонда ғана ол «сөйлемдер арасынан» автордың нені меңзегенін, аллюзиялар, реминисценцияларды көре алады және оқырманға жеткізе алады. Көркем туындыда берілмеген нақты деректерге түсініктеме беру, өте қиын және сол түсініктемені берушінің эрудициясы мен абыройын да ерекше танытады.

«Абай жолын» оқымау әр қазақтың ұятты ісі дейміз. Оқыту, бірақ қиын іс. Оның себебі оқиғаға бастайтын есікті ашу, мәтіннің тіліне үйрену жолы. Мәтіннің бәрі әдеби тіл дерміз. Бірақ осы әдеби тіл түсініксіз. Әсіресе тұрақты тіркестер түсініксіз. Неге? Ол қоғамдық санаға байланысты. ХХ ғасырдың басына дейін қазақта тұрмыстық сана, эстетикалық сана,



әлеуметтік және кәсіптік сана болды деп ойлаймыз. Мұндағы тұрмыстық сана қазіргідей жартыкеш ауызекі сөйлеу тілін тудырмаған.

М. Әуезовтың «Абай жолы» романының бірінші кітабы қазақ ауызша әдеби тілі мен жазбаша әдеби тілінің тоғысқан аралығында хатқа түскен қазақтың дәстүрлі сөйлеу мәдениетінің үлгісі деп ойлаймыз: құрмалас сөйлем аз, жалаң, жайылма сөйлемдердің екінші бөлігі тұрақты сөз орамдарынан тұрады. Мысалы, Құнанбай сезді де, енді жүйемен ұтпақ боп қуғынға салды. Мұндағы «жүйемен ұтпақ боп қуғынға салу» сол дәуірдің жаппай әлеуметтік санасы үшін ашық құрылым, бүгінгі ұрпақ үшін үшін жабық, кілттелген құрылым. Бұл құлыпталған сөйлемдердің кілтін табу, ашу социомәдени түсініктемені керек қылады.

Сонда ХХ ғасырда жазылған шығармалар 20-жылдардағы қазақ ауызша әдеби тілі мен жазба әдеби тілдің аралығында хатқа түсіп үлгерген тіл шығарманың ата буынға және ара-тұра орта буынға оңай оқылатын, ал жас ұрпаққа қиындық келтіретін, түсініктемені талап ететін мәтін болып табылды.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Өзіңізді әдебиетті түсініктемесіз оқытандардың санатына жатқызасыз ба? Ондай деңгейге жетуге не көмектескенін ойлаңыз, досыңызбен осы туралы ой бөлісіңіз.

2. М. Әуезовтің «Абай жолының» екі бетін оқып, түсініксіз сөздер мен сөйлемдерді белгілеңіз. Түсініктеме жасаңыз. Басқаларға түсіндіріп, салыстырыңыз.

3. Тілі «күрделі» шығарма мен тілі «жеңіл» шығармалардың қайсысы оқырман санасын көтеретін туралы ойланыңыз. Себебін жазыңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Түсініктеменің қандай түрлері бар?

2. Түсініктеме талап ететін мәтін түрлері қандай болады?

3. Классикалық әдебиеттегі тарихи-мәдени және эстетикалық жағынан кілттенген сөздер мен сөйлемдерді сол қалпы өзгертпей қолдану мен қарапайым, жалпыға түсінікті сөздермен ауыстырудың арасында қабылдауда қандай әсерлер болады деп ойлайсыз?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. <http://www.textologia.ru/russkiy/lingvisticheskiy-analiz/izobr-virazit-sredstva/izobrazitelnost-i-virazi-telnost-rechi/2345/?q=463&n=2345>.

2. Уәли Н., Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс.

3. Әуезов М., Абай жолы. Бірінші кітап – Алматы: Жазушы, 2009. – 376 б.

4. Қазақ әдеби тілі сөздігі. 2-том. Алматы, 2011. – 742б.

5. Жанпейісов Е., «Абай мен Әуезов тіліндегі ортақ өрнектер» // «Жұлдыз», № 2, 1964.

6. Жанпейісов Е., «М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі», Алматы, 1976.

7. Сыздық Р., М. Әуезов тілін тану үшін; М.Әуезов және көркем проза тілі // Сөз құдіреті. А: Атамұра, 2005. 272б.

7. Сыздық Р. С., Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004.– 288 б.

8. <http://docplayer.ru/34306163-Sociokulturnyy-kommentariy-v-prepodavanii-russkogo-yazyka-kak-nerodnogo-l-g-chapaeva.html>.